ӨҢІРЛІК ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРМЕН ӨТКЕН ОНЛАЙН КЕЗДЕСУДІҢ ХАТТАМАСЫ

Өткен орны: «ZOOM» бағдарламасы арқылы (онлайн режимде)
Өткен уақыты: 2020 жылғы 23 шілде, сағ.: 11.00

«Асыл мұра – Орда» ҚҚ облыстық ішкі саясат басқармасының «Үкіметтік емес ұйымдарға арналған ақпараттық-ресурс орталығы жұмысын ұйымдастыру» жобасы аясында өткізген онлайн кездесудің **күн тәртібінде**:

- «Қызылорда облысының Азаматтық Альянсы» Қауымдастығының 2020 жылдың I жартыжылдығында атқарған жұмысы туралы.

- «Қызылорда облысының Азаматтық Альянсы» Қауымдастығының жаңа басшысын тағайындау мәселелері қаралды.

«Асыл мұра – Орда» қоғамдық қорының директоры А. Айтмамбетова онлайн кездесуді ашып, жүргізіп отырды.

Алдымен «Қызылорда облысының Азаматтық Альянсы» Қауымдастығының атқарушы директоры Э. Теңізбаев Қауымдастықтың атқарған жұмысы туралы баяндады. Э. Теңізбаев Коронавирус пандемиясы кезінде ҮЕҰ тарапынан жүргізілген жұмыстарға белсенді атсалысқан өңірлік ҮЕҰ жетекшілеріне алғыс білдірді.

Одан әрі «Қызылорда облысының Азаматтық Альянсы» Қауымдастығының құрылтайшысы, «Батыр ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Әбдіхалықова Гүлсара сөз сөйледі.

Қауымдастық жетекшісі ретінде 2019 жылдың маусым айынан бастап жұмыс жасап келе жатқан Абдрахимова Сапура Зайтжанқызы денсаулық жағдайына байланысты аталған лауазымдағы қызметін тоқтататындығын хабарлауына байланысты Қауымдастық жетекшілігіне осы салада 20 жылдан астам нәтижелі еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі маман ретінде «Ұмай» сауықтыру және тәрбиелеу қайырымдылық үйінің директоры Ізден Анар Жарылқасынқызының кандидатурасы ұсынылды.

ҮЕҰ мүшелері А. Ізденнің кандидатурасын бірауыздан қолдады және ұсыныс-пікірлерін білдірді.

«Жәрдем-Содействие» ҚҚ директоры Жанат Аликулова:

- «Анар Жарылқасынқызын қолдаймын. Облыстық ҮЕҰ-ды жетілдіруге, дамытуға бар күш-жігерін салып, кез-келген жерде абыроймен алып шығатынына сенім білдіремін».

«Облыстық мүгедектер қоғамы» ҚБ төрағасы Мұрат Жұмаділаев:

- «Кез-келген жерде сауаттылық керек, қауымдастықтың құжаттарына да көптеген өзгеріс енгізу қажет. Оның ішінде Жарғысына, Құрылтайшыларының құрамына, мүшелікке өту ережесіне өзгерістер енгізуді ұсынамын. Бұл салада 20 жылдық өтілі бар Анар Жарылқасынқызының кандидатурасын қолдаймыз. Бірге жұмыс жасауға дайынбыз».

«Асыл мұра - Орда» ҚҚ директоры А. Айтмамбетова:

«Қазіргі таңда ҮЕҰ-дың көшбасшылығына, оның ішінде «Қызылорда облысы Азаматтық Альянсы» Қауымдастығының жетекшілігіне белсенді, билік пен азаматтық қоғам ортасында алтын көпір бола білетін лидер қажет. Бұл тұста Анар Жарылқасынқызының артылған сенімді абыроймен алып шығарына сенеміз».

А. Ізденнің кандидатурасын онлайн кездесуге қатысушы өңірлік ардагерлер ұйымдары, жастар және қоғамдық ұйым өкілдері бірауыздан қолдап дауыс берді. Қатысушылар – 30, қарсы дауыс бергендер – 0, қалыс қалғандар – 0. Ұсыныс бірауыздан қолдау тапты.

Қауымдастық құрылтайшысы,
«Батыр ана» ҚБ төрайымы **Г. Әбдіхалықова**

Хаттамашы **А. Айтмамбетова**

Бахмаханов К.Н.

„Ару Ана" ҚБ Сар Сарымсенова Р.
«Чикар жебе» ҚК М. Ишп М. Наурыз
«Асыл Мұра-Орда» ҚК.
үйлестіруші Анив Абдіжапбар П.